



## РЕСМИ

## Үкімет отставкаға кетті

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы» Жарлыққа қол қойды деген хабар таратты. Ақорданың баспасөз қызметі.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»



«Қазақстан Республикасы Конституциясының 70-бабына сәйкес ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің орнын тәусі қабылданды.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі міндеттерін уақытша атқару Роман Васильевич Склярға жүктелсін.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшелері Үкіметтің жаңа құрамы бекітілгенге дейін өз міндеттерін атқаруды жалғастыра берсін.

Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі», делінген құжатта.

## МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

## «Тәртіпке бағынған күл болмайды»

Адамның жауы – өзі ғана болып тұр. Себебі, қыс басталғалы ауа райының қолайсыздығына байланысты соңғы екі айда республикалық маңызы бар тасжолдың 13 учаскесінде – 76 рет, облыстық маңызы бар 8 учаскеде – 43 рет көліктің барлық түрі бойынша қозғалыс шектелгеніне қарамастан, далаға тастай алмай жүрген жаны бардай, жолға шығып кететіндерді жөнге салатын амал табылған жоқ әзірге. Ал, өзі үшін емес, өзге амаңдығы үшін «жарғақ құлағы жастыққа тимей» жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп жүрген төтенше жағдайлар қызметінің құтқарушылары мен полиция қызметкерлері уақытпен санаспай, жұмыстарын тыңғылықты атқарып бақса да, жақсы ат ала алмай жүр.

Салтанат ІЛІЯШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстың төтенше жағдайлар департаменті бастығының орынбасары, полковник Ақылбек Ахметжановтың айтуынша, жолдар жабылғалы түрлі аумақтарда 5 мыңнан астам техниканың қозғалысы тоқтатылған. Одан бөлек, бақылау-өткізу пункттеріндегі техниканы азайту мақсатында Көлік министрлігінің жол техникасы мен бөлімшелердің күшімен 27 автоколонна ұйымдастырылып, 4 мыңнан астам көлікті диттеген жеріне жеткізген.

Ақылбек Қосманұлының сөзіне сенсек, тұрғындар ақпараттандырудан да кенде қалып жатқан жоқ. Тіпті, ол үшін арнайы іздеп, телефон шұқылаудың да қажеті жоқ. Тек, смартфонға келген SMS хабарламаға бір ауық көз қырын салса болғаны.

– Тұрғындарды ескерту мақсатында ауа райының нашарлауы және жолдардағы көлік қозғалысының шектелуі туралы қыстың алғашқы екі айында 80 SMS хабарлама миллионнан астам абонентке жетті. Ал, Dargem мобилді қосымшасы арқылы төтенше жағдайлардың алдын алу туралы 47 ақпарат жарияланды. Облыстағы 13 радиостанцияда халықты хабарлар ету үшін 21 рет хабарландыру берілді, – дейді Ақылбек Ахметжанов.

Жол учаскелеріне жұмылдырылған көлік те, адам саны да аз емес. Мәселен, 2023 жылғы 29 желтоқсандағы кезеңде 908 адам мен 505 техника жұмылдырылған.

Төтенше жағдайлар күштері, жол полициясы және жол ұйымдарының күшімен 66 авариялық-құтқару, 9 іздеу-құтқару жұмыстары нәтижесінде



259 адам құтқарылған.

– 259 адамның 36-сы – бала. Сонымен қатар, үш мыңға тарта адам қар құрауынан шығарылды. 121 техника дрейфтен шығарылды. Жергілікті билікпен бірлесіп отырып, 1324 адам, оның ішінде, 150 бала жылыту орталықтарына орналастырылды, – дейді Ақылбек Қосманұлы.

Жалпы, облыста республикалық маңызы бар жол – 1853,5 шақырым. Осының ішінде жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатқаны, қайта жаңғыртудан өтіп жатқанын қоспағанда 1444 шақырым жолға қарап, күтіп-баптайтын, қардан тазалайтын «КАЖсерви» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

«ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ Қарағанды облыстық филиалының директоры Ерлан Жұмағұлов аталған компания биылдың

өзінде ғана жаңадан 29 қар жинау техникасын сатып алғанын айтады.

– Жай күндері жолға 50-60 техника шығады. Ал, төтенше жағдайларда, ауа райы нашарлағанда жүзге тарта көлік жолға шығады. Мұндай күндері адамдар демалмастан, екі ауысымда жұмыс істейді, – дейді Ерлан Жұмағұлов.

Жол жайы сөз болғанда тұрғындардың «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ-ға деген наразылығы бар екенін айту керек. «Республикалық маңызы бар жолдарға уақытылы құм немесе тұз себілмейді» дегенге Ерлан Жұмағұловты өзінің уәжін жеткізді. Айтуынша, құм мен тұз қоспасын себудің де климаттық тәртібі бар. «Климат жағдайы келетін болса, аталған қоспа тұрақты түрде себіледі», – дейді ол.

Ал, ауа райының қолайсыздығына

байланысты жолдарды жабу бір ғана органның құзырында емес. Облыстың полиция департаментінің жергілікті полиция қызметі басқармасы бастығының орынбасары Бауыржан Хантеміровтің айтуынша, «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ, төтенше жағдайлар қызметі және облыстың полиция департаментінің өзара келісімі арқылы жүргізіледі.

– Өткен жылдың желтоқсанының соңы мен биылғы жылдың қаңтарының басында қар қалың жауды. Астана қаласының өзіне ғана жолда қалған 4 мыңға тарта көлікті жеткіздік. Тұрғындар жолға шығар алдында өздерінің қауіпсіздіктері үшін хабарламаларға мән беріп, көліктерін сайлап шыққаны дұрыс, – дейді Бауыржан Андақұлов.

Ал, Ақылбек Қосманұлы қала ішіндегі ауа райы жақсы екен деп, ескертуге қарамастан, жолға шығып кету қауіпті екенін айтады.

– Тұрғындар қала сыртындағы ауа райының қандай екенін білмейді. Жол жабу кездейсоқ қабылдана салатын шешім емес. Жол бойында патрульде жүрген қызметкерлер жағдайды бізге бейне және фотоматериалдар арқылы жібереді. Соны басшылыққа ала отырып, жолды жабу шешімі қабылданады. Ал, тұрғындардың қауіпсіздігі үшін кейінгі кезде радиохабарларды тоқтатып қойып, жолдың жабылғаны туралы хабарландыру береміз. Ал, полиция қызметкерлері өте күрделі жағдайда жандарын шүберекке түйіп, түк көрінбейді деген боран кезінде ілесіп жүріп, көліктерді қауіпсіз жерге жеткізеді. Оны біреу білсе, біреу білмей жатады, – дейді Ақылбек Ахметжанов.

Ал, Бауыржан Хантеміров «Жол қозғалысында әркімде ішкі тәртіп болуы керек» дейді. Айтуынша, жол-көлік оқиғаларын азайту мақсатында тиісті жұмыстар атқарылууда. Жаңашылықтан да құралақан емес. «Бірақ, өзіміздік және жақындарымыздың амаңдығы тікелей өзімізге байланысты екенін ұмытпайық» дейді ол.

## ДЕНСАУЛЫҚ

## Қорқыныш соңы өкініш болмас үшін

Вакцинация – инфекциялардан қорғанды және адам өмірін сақтаудың қауіпсіз және тиімді әдісі. Вакцинация – бүкіл әлемде жасалатын ем-шара. Қазіргі уақытта дифтерия, сіреспе, көкжөтел, қызылша, қызамық, паротит, полиомиелит, тұмау және басқа да 20-дан астам аурудан қорғауға арналған вакциналар бар.

Екпе алған адамдардың есебінен ұжымдық иммунитет қалыптасады, бұл инфекцияның таралуына және эпидемияның пайда болуына тосқауыл болып табылады. Бұл әсіресе, қазіргідей эпидемиологиялық жағдай күрделеніп тұрғанда маңызды. Ресми деректер бойынша бүгінде қызылшамен ауырғандар арасында оған қарсы екпе алмағандар басым. Мәселен, кешегі күнгі дерек бойынша жалпы ауырғандардың 88,2%-ы вакцинацияланбаған.

Өрі оның басым бөлігін, яғни, 84%-ы 14 жасқа дейінгі балалар құрап отыр. Соңғы деректер облыста 415 адамда қызылша зертханалық түрде расталғанын нақтылайды.

Вакцинация түрлі жұқпалы аурулардан қорғайды. Адам өмірін сақтайды және денсаулық пен ұзақ өмір сүрудің кепілі болып табылады. Екпе оны алған адамның өзін ғана емес, айналасындағыларды да қорғауға мүмкіндік береді. Қызылша – әлемдегі жұқпалылығы жоғары аурулардың бірі. Оның қауіптілігі – асқынуында. Асқынған жағдайда ол өлімге де әкелуі мүмкін. Әсіресе, вакцина алмаған жас балаларға қауіп төндіреді. Профилактикалық егулерді жүргізу кезінде адам ағзасына ауру қоздырғыштарымен күресу үшін антиденелер түзілуін ынталандыратын әлсіреген немесе өлтірілген патогендік агенттер енгізіледі.

Вакцинопрофилактика өмір сүру ұзақтығына, балалар өлімінің төмендеуіне айтарлықтай ықпал етеді. Вакцинация – жасына қарамастан, барлығына қажет. Қазір адамдардың көпшілігі балалық шағында



бір рет жасалған көптеген вакциналар өмір бойы қайталануы керек екенін білмейді. Тіпті, вакцинацияның дәлелденген эпидемиологиялық және экономикалық тиімділігіне қарамастан, көптеген адамдар профилактикалық егулерді жүргізу қажеттілігіне күмәнмен қарайды. Олар жалпы алдын алу шаралары жеткілікті деп санайды. Спецификалық емес профилактика, атап айтқанда, ағзаның суыққа төзімділігін арттыру, физикалық белсенділік,

дұрыс тамақтану және басқа да әрекеттер сөзсіз иммунитетті жақсартады. Бірақ көп жағдайда қызылша, дифтерия, қызамық, көкжөтел және басқа да жұқпалы инфек-

тірілген вакциналар пайда болуда. Бұл біздің балаларымызға жаңа инфекциялар қаупінен арылуға ықпал етеді. Әр елде вакцинацияның өзіндік бекітілген күнтізбесі және халықты екімен қамтитын жұқпалы аурулардың тізімі бар. Ел неғұрлым бай болса, бұл тізім соғұрлым кең болады. Қазақстан Республикасының Ұлттық профилактикалық егу күнтізбесі келесі жұқпалы ауруларға – туберкулезге, В гепатитіне, дифтерияға, көкжөтелге, сіреспеге, полиомиелитке, қызылшаға, эпидемиялық паротитке, тұмауға, гемофильді инфекцияға қарсы егуді көздейді.

Балалар мен ересектерге екпе салу қажетті жағдайлар жасалған емханалардың егу кабинеттерінде жүргізіледі. Адам ағзасы кез келген вакцинаға тез өтетін реакциялармен жауап береді. Себебі осы кезеңде дененің қорғаныс күштері пайда болады, олар кейіннен адамды белгілі бір инфекциядан қорғайды. Кейінгі 10 жылдан астам ішінде қызылшаға қарсы пайдаланылған екпенің қандай да бір реакция тудырғаны туралы дерек тіркелген жоқ. Егер сізде профилактикалық егулерді жүргізу қажеттілігіне күмәніңіз болса, бірден бас тартпаңыз. Жұқпалы аурулардың қауіптілігі, вакцинация қажеттілігі, одан бас тартудың салдары туралы толымды ақпарат іздеңіз, мамандармен кеңесіңіз. Кейбір шетелдік оқу орындары оқуға қабылдарда жұқпалы инфекцияларға екпенің болуын талап ететінін де назарға алған дұрыс. Болашақта балаңыз шетелдік беделді жоғары оқу орындарында оқығысы келсе, вакцинадан бас тарту кесірін тигізбесін. Балаңыздың өмірі мен болашағына жауапкершілік өз қолыңызда.

Юрий ЗАЛЫГИН,  
облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы

## БАЙҚАУ

## Үздіктер байқауы басталды

Кеше әлеуметтік бағыттағы үздік идеялар мен жобаларды іске асыратын әйел көшбасшыларды қолдауға, біріктіруге бағытталған «Ару-Ана» атты республикалық үздік әйелдер жобасы басталды.

Қасымхан БҮРКІТҰЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Байқауға облыс аумағында әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыратын әйелдер мен әйелдер қоғамдық бірлестіктері қатыса алады. Бастапқыда байқау өңірде өтеді.

Қатысу үшін өтінімді 20 ақпанға дейін karisova\_gs@krg.gov.kz поштасына жіберу қажет. Женімпаздарды марапаттау Халықаралық әйелдер күні мерекесі қарсаңында өтеді.

Конкурсқа қатысу мәселелері бойынша қосымша ақпаратты (8-7212) 50-15-24 (ішкі нөмірі 6756) телефоны арқылы алуға болады.

«Агробизнес саласындағы үздік жоба», «Үздік ІТ жобасы», «Шығармашылық индустрия саласындағы үздік жоба», «Жаңа медиа саласындағы үздік жоба (БАК, әлеуметтік желілер)», «Әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау саласындағы үздік жоба», «Инклюзивті даму саласындағы үздік жоба», «Ғылым және инновация саласындағы үздік жоба», «Әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау саласындағы белсенді құқық қорғаушы», «Үздік әйел кәсіпорын басшысы» секілді бағыттар бойынша бақ сынауға болады.

Қорғайтын жобаның сипаттамасына, мақсатына, әлеуметтік маңыздылығына тоқталғаныңыз жөн. Қажет құжаттарды толықтырып, жоғарыдағы электронды мекенжайға жолдасаңыз болады.



## ЖАСТАР САЯСАТЫ

## Жастарды жігерлендірген жүздесу

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев аймақтың жас мемлекеттік қызметшілермен кездесті. Бейресми кездесуде жаңа буынның мәселелері мен ұсыныстарын тыңдады.

Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

— Сіздер үшін жұмыстың негізгі қағидаттары — өзін-өзі тәрбиелеу, адалдық, ашықтық. Өмірлеріңізді жұмысқа және азаматтардың мәселелерін шешуге сарп ету арқылы жетістікке жетіп, мансап құра аласыздар. Әртүрлі сыннан сабақ алып, тұжырымдар жасау керек, — деді облыс әкімі.

Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының облыстық филиалында өткен кездесуде жастар бірқатар ұсыныстар айтты. Атап айтқанда мемлекеттік қызметшілердің имиджін көтеру, сондай-ақ, жергілікті атқарушы органдарға азаматтардың сенімін арттыруға қатысты тақырыптар қозғалды.

— Мен қайта даярлау және біліктілікті арттыру курстарының модульдеріне смета құрастыру және жобалау сияқты тақырыптар қосуды ұсындым. Егер бұл сметалар мен жобалық құжаттаманы түсінетін болсақ, қандай да бір



Сурет облыстық әкімдік сайтынан

мемлекеттік сатып алулар бойынша қызмет көрсетушілердің жұмысын мұқият қадағалай аламыз, — деп атап өтті Қазыбек би атындағы аудан әкімі аппаратының жоспарлау және абаттандыру бөлімінің бас маманы Ұлықбек Жасұзақов.

Кездесуде Шахтинск қаласының мемлекеттік кірістер басқармасында өндіріп алу бөлімінің бас

маманы Эльмира Мұқанова қайта даярлау курстары өміріндегі жаңа кезең болғанын айтты.

түрлі модульдер бойынша 2 мыңға жуық мемлекеттік қызметші оқиды.

— Облыс әкімінің аймақ жастарымен кездесіп, сұрақтарына жауап беруге, ойымен бөлісуге уақыт бөлгені қуантады. Біз үшін үлгі, биікке ұмтылар жаңа белес, — деді Эльмира Мұқанова.

Айта кеткен жөн, биыл Мемлекеттік басқару академиясы 30 жылдық мерейтойын атап өтуде. Жыл сайын академияның облыстық филиалының қабырғасында

Қазіргі таңда филиалда жас мемлекеттік қызметшілер қатарынан 30-ға жуық тыңдаушы үш апталық қайта даярлау курстарынан өтуде. Оқытушылар оларды заңнамалық базамен, мемлекеттік қызмет жұмысының тетіктерімен таныстырады. Сондай-ақ, халықпен қарым-қатынас жасауға және оның мүдделерін қорғауға үйретеді.

## БРИФИНГ

## Билікке білімді буын керек

Қарағанды облысында өңірлік резервке жастарды қабылдау басталады. Резервке іріктеуге өтінімдерді қабылдау 1-31 наурыз аралығында жүреді. Жасы 35-тен аспаған, жоғары білімі бар және 3 жыл жалпы жұмыс тәжірибесі бар ел азаматтары қатыса алады.

Өңірлік коммуникациялар орталығында өткен брифингте Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қарағанды облысы бойынша департаментінің басшысы Ербол Жолданғар және облыс әкімі аппаратының басшысы Ерлан Ғалиев өңірлік резерв жайлы баяндады.

— Әрбір өңірлік резерв бойынша нақты салалық бағыттар мен резервшілердің санына орай облыстағы әлеуметтік-экономикалық жағдай және мемлекеттік

басқару жүйесін дамытудың бағамдылығы ескеріледі. Өңірлік кадр комиссияларымен айқындалады. Іріктеу 7 бағыт бойынша, атап айтсақ, индустрия және өнеркәсіп, экономика, әлеуметтік сала, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, инфрақұрылым, агроөнеркәсіптік кешен және жер қатынастары, цифрландыру, экология салаларында жүзеге асырылады, — деді Ербол Жолданғар.

Департаменттегілердің айту-

ынша, іріктеуді өткізу бірнеше кезеңнен тұрады. Алдымен құжаттарды қабылдау кезеңі, заңнама- ны білуге арналған тестілеу, жеке қасиеттерін бағалауға арналған тестілеу өтеді. Кейін құзыреттерді бағалау өткізу, комиссиядағы құрылымдық сұхбат кезеңі жүреді. Тиісінше осы кезеңдерден өткен кандидат резервке тіркеледі.

— Мемлекет басшысы атап өткендей, бізге жауапкершілікті алудан және стандартты емес тиімді шешімдер қабылдаудан қорықпайтын түрлі салалардағы басқарушылар командасы қажет. Дәл осындай адамдар ел мүддесіне қызмет етеді. Іріктеуге қатысу резервшілерге жаңа саяси рефор-

малардың қатысушысы және жергілікті жерлерде өзгерістер жүргізуші болуға мүмкіндік береді. Іріктеу қорытындысы бойынша біз өңірдің және тұтастай алғанда елдің дамуы мен өркендеуіне ықпал ететін көшбасшылар командасын қалыптастырамыз. Білімді, еңбеккер және креативті азаматтарды өңірлік кадрлық резервке іріктеуге қатысуға шақырамыз, — деді Ерлан Ғалиев.

Әрбір кезеңнің нәтижелері комиссия шешім қабылдағаннан кейін бір жұмыс күні ішінде белгілі болады. Интернет-ресурстарда және кандидаттардың жеке кабинеттерінде, жобаның сайтында орналастырылады. Өңірлік резервте болу мерзімі 2 жыл.

Өз тілшімізден

## АКЦИЯ

## «Қарызсыз қоғам» жобасы қанат қақты

Сонғы жылдары құмар ойынға тәуелділік белең алып, несие алатындар қатары артты. Кейбір отбасылар үшін бұл үлкен қасіретке айналды. Президент жаман әдетке, әсіресе, жастар әуес екеніне назар аударып, мемлекеттік органдарға азаматтардың жекелеген санаттары үшін құмар ойындарға шектеуді күшейтуді тапсырған. 5 ақпанда республикалық «Қарызсыз қоғам» акциясы бастау алды. Акция аясында Қарағанды облысы бойынша 9000 адамды оқыту жоспарланған.

Аяулым СОВЕТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

— Халықтың қаржылық сауаттылығының төмендігінен несиеге ұрыну жиі кездесуде. Жобаға екіден астам несиесі бар және алған несиелерін өтеуде қиындықтарға тап болған жандар да қатысады. Сондай-ақ, адам онлайн режимінде несиеге жүгініп, тіпті, қай банктен алғанын да білмейді. Кейбір адамдар келісімшарттарды мұқият оқымайды. Ал онда, мысалы, несиені мерзімінен бұрын өтеу үшін айыппұл бар деп жазылған. Көптеген адамдар отбасылық бюджетті дұрыс жоспарлауды білмегендіктен, қарызға батады. Оқу курсы барысында жобаға қатысушылар несиелер бойынша артық төлем сомасы және жоғары пайыздық мөлшерлемелер жайлы мәлімет алады.

Осылайша біз азаматтарға қаржылық және құқықтық көмек көрсетіп, халықтың қаржылық сауаттылығын арттыруға көмектесеміз. Азаматтардың банктік несиелер мен шағын несиелер бойынша қарыздарын шешудің дұрыс жолына бағыттаймыз, — дейді Қарағанды облысындағы «Қарызсыз қоғам» жобасының сарапшысы Әсел Атабаева.

Сарапшының айтуынша, «Қарызсыз қоғам» жобасы аясында қаржылық сауат бойынша білім беру платформасы іске қосылып, еліміздің барлық жоғары оқу орындарына, колледждеріне және мектептеріне қаржылық сауат курсы енгізілімек. 450 мың оқушы мен 100 мың студентті қаржылық сауат негіздеріне үйрету де жоспарланған. Осылайша, «Қарызсыз қоғам» жо-



басында жалпы саны 750 мың адам қаржылық сауатты үйренеді деп жоспарлануда.

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі «AMANAT» партиясымен бірлесіп, «Қарызсыз қоғам» білім беру жобасының ауқымын кеңейтетін Жол картасын және қалаларда ашылатын жобалық кеңселердің жұмысы туралы Ережені дайындаған болатын. Жобалық кеңселер азаматтарға қаржылық және құқықтық мәселелер бойынша кеңес береді.

— Жоба тұрғындарға қаржыны нәтижелі мақсатта қолдануға бағыттайды. Облыс бойынша 9000 адам қаржылық сауаттылығын арттырады. Осы орайда 5 сарапшы жұмыс істейді. Тыңдаушылар таңертең теориялық білім алып, түстен кейін нақты сұрақтарына

жауап алады. Көптеген сауалдары бар жандар өздері тұратын жергілікті қала, аудандардағы кәсіпкерлік қолдау орталықтары арқылы өтініш бере алады, — дейді «AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков.

Жобадан тыс қаржылық сауаттылық жобасының мұрагерлік болуымен өтетін «Қарыз қоғам» 5 күндік курсы оқу үшін партияның жергілікті филиалына, қалалар мен аудандардың жергілікті әкімдіктеріне хабарласып, жазылу керек. Жоба қазіргі таңда Қарағанды, Қарқаралы, Абайда жұмысын бастады.

12 ақпанда Теміртау мен Шет ауданында жалғасады. Демеушілер қатарында Қазақстанның екінші деңгейлі банкітері Қазақстан Халық Банкі, Forte Bank, Хоум Кредит Банк, First Heartland Jusan Bank, RBK Bank, Freedom Finance Bank Kazakhstan, Еуразиялық банк, Altyun Bank, Нұрбанк бар.

— Биыл Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша ауыл тұрғындарының қаржылық сауаттылығын артты-

ру міндеттелді. Бағдарлама аясы кеңейіп, Астана, Алматы, Шымкент қалаларында және Абай, Ақмола, Атырау, Ақтөбе, Алматы, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Жетісу, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан,

Түркістан және Ұлытау облыстарында жүзеге асты, — дейді «Аманат» ҚОФ саяси жұмыстар бөлімінің менеджері Нұрсұлтан Шаменов.

Жобада азаматтарға қаржылық және құқықтық көмек көрсетіледі. Осылайша халықтың қаржылық сауаттылығын арттыра отырып, азаматтардың банктік несиелер мен шағын несиелер бойынша проблемалық қарыздарын шешімік. Жоба аясында қаржылық сарапшыларды оқытумен қатар, қатысушылар үшін заңгерлер көмекке келеді. Олар әрбір қарыз алушының несие тарихын жеке зерттеп, қарыз ауыртпалығын жеңілдету бойынша кеңес береді деп күтілуде.

Суретті түсірген  
Александр МАРЧЕНКО

## Жұмыссыздықпен күресте жүйе бар



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Облыс басшысы Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен кезекті аппарат жиынында жастарды жұмысқа орналастыру және тұрақты жұмыспен қамту мәселесі қаралды. Одан бөлек, Франция астанасы – Парижде өтетін XXXIII жазғы Олимпиада ойындары мен XVII жазғы Паралимпиада ойындары да назарға алынды.

Бос орындар жәрмеңкелері, бизнесті дамытуға арналған гранттар мен жеңілдікті несие-лер, Ұлттық жобалар бойынша жұмысқа орналастыру – Қарағанды облысының жастарын қолдау шаралары туралы аймақ әкімдігінде өткен аппараттық кеңесте айтылды. Облыс басшысы Ермағанбет Бөлекпаев басқарма басшылары мен қалалар мен аудандардың әкімдеріне жастарды жұмысқа орналастыру мәселелеріне көбірек көңіл бөлуі және тұрақты жұмыс орындарымен қамтамасыз етуі тапсырылды.

Жастарды жұмысқа орналастырудың қандай бағыттарда жүріп жатқаны туралы Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы басшысының орынбасары Төлеу Мұхтар баян-

— Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы жастар саясаты басқармасымен, қалалар мен аудандардың әкімдерімен бірлесіп, іске асырылған жобалар қолдау шаралары туралы аймақ әкімдігінде өткен аппараттық кеңесте айтылды. Облыс басшысы Ермағанбет Бөлекпаев басқарма басшылары мен қалалар мен аудандардың әкімдеріне жастарды жұмысқа орналастыру мәселелеріне көбірек көңіл бөлуі және тұрақты жұмыс орындарымен қамтамасыз етуі тапсырылды.

Аппарат жиынында көтерілген екінші мәселе – облыста жазғы Олимпиада және Паралимпиада ойындарына белсенді дайындық мәселесі. Биыл XXXIII жазғы Олимпиада ой-



Сурет облыстық әкімдік сайтынан

ындары мен XVII жазғы Паралимпиада ойындары Франция астанасы Парижде 26 шілденің 11 тамызға дейін және тиісінше 28 тамыздан 8 қыркүйекке дейін өтеді.

— Статистикалық мәліметтер бойынша, 2023 жылдың 3-ші тоқсанында облыстағы жастар саны – 309 258 адам болса, жұмыссыз жастар саны – 5 732. Жастар жұмыссыздығының деңгейі – 3,1%. Бұл республикалық көрсеткішпен салыстырғанда 0,2 пайыздық тармаққа төмен. Өңірлер арасында жастар жұмыссыздығының ең жоғары деңгейі Қарағандыда – 4,9% және Балқашта – 4,6% байқалды, — деді Төлеу Мұхтар.

2023 жылы бекітілген өңірлік жұмыспен қамту картасы бойынша 25 мың жас қарағандылық жұмысқа орналастырылды. Тиімді құралдардың қатарына ұлттық жобалар, бос орындар жәрмеңкелері, әлеуметтік жұмыс орындары, бизнеске тарту, «Бірінші жұмыс орны» және «Ұрпақтар келісімшарты» жобалары жатады.

Бес жүзге тарта жұмыссыз қарағандылық skills.enbek.kz сайтында онлайн-оқытудан өтті. «Бастау-Бизнес» жобасы бойынша 2600-ден астам жас кәсіпкерлік негіздеріне оқытылды.

Өңірде жастар көп жиналатын орындарға баратын және мемлекеттік қолдау шаралары туралы әңгімелейтін мобильді топтар жұмыс істейді. Тұрақты негізде «Бос орындар жәрмеңкелері» өтеді.

Төлеу Мұхтардың айтуынша, биыл 13 мыңнан астам адамды жұмыспен қамту жоспарда.

NEET-жастарды жұмысқа орналастыру мәселесін шешу үшін жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарма «Мүмкіндіктер марафонын» жобасын іске қосады. Оның қорытындысы осы жылдың наурыз айында шығады.

Сондай-ақ, Қарағанды және Балқаш әкімдері жастарды жұмыспен қамту туралы есеп берді.

Ермағанбет Бөлекпаев бұл мәселеге жүйелі көзқарас қажет екенін атап өтті. Колледж түлектерінің қайда жұмысқа орналасатынын қадағалау қажет. NEET-жастарға көбірек көңіл бөлу керектігін тілге тиек етті.

Өз тілшімізден

## • БАСПАСӨЗ МӘСЛИХАТЫ

## Ақтоғай ажарланады

Ақтоғай ауданының әкімі Руслан Кенжебеков өңірлік коммуникация қызметінің алаңында өткен баспасөз мәслихатында ауданның ағымдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайы туралы баяндап, алдағы даму жоспарларымен бөлісті. Ауданында алдағы жылдары өнеркәсіп саласында төрт ірі жобаны іске асыру, он медициналық мекеме салу жоспарланғанын мәлімдеді.

Нұрлос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Борлы кенішіндегі катодты мыс өндіретін гидрметаллургиялық зауытқа өткен жылы 70 адам жұмысқа орналастырылды. Ал, биыл жобалық қуаттылығы толық жүзеге асқанда 150 жұмыс орны құрылады. Сондай-ақ, таяу жылдары өнеркәсіп саласында 830-дан астам жұмыс орнын құра отырып, темір және түсті металдарды өңдеу, мыс мөлшері жоғары штейн және молибден өндіру бойынша төрт ірі жобаны іске асыру жоспарлануда, – деді Ақтоғай ауданының әкімі Руслан Кенжебеков.

Спикердің айтуынша, медициналық қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін Қызылорда ауылында фельдшерлік-акушерлік пункт салынады. 2024-2025 жылдары алғашқы медициналық-санитарлық көмектің қолжетімділігін арттыру мақсатында «Ауылдық денсаулық сақтауы жаңғырту» Ұлттық жобасы аясында 9 медициналық нысан Қуаныш, Нұркен,



Сурет ашық дереккөзінен

Ақши, Ортадересін, Ақжайдақ, Ақтас, Үшарал, Айыртас ауылдарында және Шұбартау ауылында құны 364,6 млн. теңгені құрайтын отбасылық дәрігерлік амбулатория құрылыстарын салуды жоспарлап отыр.

Аудан әкімі өз баяндамасында Шашубай кентінде кезекте тұрғандарды тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін 100 пәтерлі тұрғын үйді қалпына келтіру жұмыстары жақын арада аяқталатындығын жеткізді. Тұрғын

үйлер осы жылдың бірінші тоқсанында пайдалануға берілімекші. Сонымен қатар, жеке инвесторлар арқылы Сарышаған мен Ақтоғайда кезекте тұрғандар тұрғын үймен қамтамасыз етіледі. Қазіргі таңда ауданда

жоспары бекітіліп, кестеге сәйкес ұйымдастырылуда. «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасы арқылы Сарышаған кентінде денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы 2023 жылы басталған. Құны 1 млрд. 1 млн. теңгеге жобаланған нысан биыл пайдалануға беріледі. Сонымен қатар, «Қазақстан халқына» қоры арқылы Шашубай кентінде жылдам салынатын әмбебап спорт залы құрылысы және Ақтоғай ауылындағы қолданыстағы стадионды қалпына келтіру жұмыстары жүргізілетін болады.

– Биыл білім беру саласына 6 миллиард 068,4 миллион теңге қаржы бөлінді. Мектептердің 1-4 сынып оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз етілуде. Сонымен қатар, білім ошақтарына жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде 1-6 жас аралығындағы балалардың 92,2 пайызы, яғни, 484 бала балабақшамен қамтылып отыр, – деді аудан басшысы.

Айта кетейік, аудан халқын таза ауыз сумен қамту басты назарға алынған. Ауданда 16, ауылдық округте 35 елдімекен бар. Бүгінгі күні орталықтандырылған ауыз су жүйесімен қамту көрсеткіші 91 пайызға жеткен. Сонымен қатар, Ақтоғай ауданының орталығында 2022-2023 жылдары бастау алған көріз жүйесінің құрылысы биыл жалғасын тауып, қазынадан 2 млрд. теңге қаржы бөлінген. Аталған жоба 2025 жылы пайдалануға беріледі.

Мемлекеттік бағдарламалар бойынша міндеттемелердің жыл аяғына дейін толық орындалатынын мәлімдеген аудан басшысы, жұмыспен қамту, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт салалары бойынша да қол жетіп отырған жетістіктерді жан-жақты сипаттады.

Оның мәлімдеуінше, жыл басынан спорт салалары бойынша атқарылатын іс-шаралар

## • КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ

## Шағын цехтың шарапаты мол


Шет ауданында күн санап, кәсіпкерлікке ден қойғандардың қатары молайып келеді. «Ауыл аманаты», «Бір ауыл – бір өнім» сияқты ауылдағы кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған арнайы мемлекеттік бағдарламаларға қатысып, тың идеямен жаңа кәсіп бастауда. Солардың бірі жеке кәсіпкер – Гүлзада Мұқашова. Әуелде үй жағдайында ет және жартылай фабрикат өнімдерін дайындаудан басталған шағын кәсіп бірте-бірте кеңейіп, қазір кәсіпкер Гүлзада Оразымбетқызы «Қуандық» атауымен цех ашты.

Нұрлос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Шағын цех 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба аясында іске қосылып отыр. Кәсіп иесі аудан орталығында орналасқан ет, сүт өнімдерін және жартылай фабрикат өнімдерін дайындайтын шағын цехтың іргесін кеңейтіп, қосымша құрылғылар алып, өнім көлемін арттыруға ниетті.

– Шет ауданы халқының басым бөлігі ата кәсіптен қол үзбей, мал шаруашылығымен айналы-

сып келеді. Баланың күтімімен үйде отырған соң осы кәсіпке бет бұрдым. Бір жағынан, үйде отырып, жасайтын кәсіп болса деген оймен, екіншіден, балаларымыздың түрлі зиянды қоспалары бар тағамдарға әуес бола бастағанына алаңдап, таза өнім шығарсақ деп шештік. Балалардың денсаулығы біз үшін маңызды. Қазір олар цехта өндірілген тағамдарды сүйсініп жейді. Мемлекетіміздің қолдауына дән ризамын. «Ұлттық кәсіпкерлікті дамыту» жобасы аясында мемлекеттен қайтарымсыз 5 миллион теңге грант ұтып алдым. Сонымен қатар, «Ауыл



Өнімдерін сыйғанын

аманаты» бағдарламасымен жеңілдетілген 2,5%-бен 5 миллион теңге көлемінде несиені алып, өз кәсібімді дөңгелеттім, – дейді кәсіпкер Гүлзада Мұқашова.

Айта кетейік, бүгінде жаңадан ашылған шағын цех 2 адам-

ды тұрақты жұмыспен қамтыған. Ал, шикізат мұнда ветеринар мамандардың анықтамасының негізінде, арнайы тексеру арқылы қабылданады.

## Шет ауданы

## • МӘСЕЛЕ

## Жұмыртқа неге қымбаттады?

«Айдалада ақ отау, аузы-мұрны жоқ отау» деп жұмбақ қылып жазыратын жұмыртқа бағасының жұмбақ күйде өскені байқалады. Былтырдан бері біртіндеп қымбаттай бастаған жұмыртқаның бағасы қантар айында шарықтау шегіне жеткен сияқты.

Нұрлос КӘРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Бір дана жұмыртқаның нарықтағы ресми құны 60 теңгеден өсіп, 65 теңгеге дейін жетті. Яғни, 10 дана жұмыртқаны бір жыл бұрын 600 теңгеге сатып алған тұтынушы енді оған 650 теңге төлейді. Демек, ішкі нарықта жұмыртқа бағасы 10 пайызға дейін қымбаттады. Мамандар маусымдық өзгерістің салдарынан дейді. Сатушы Ольга Рыбакова «жұмыртқа бағасының өзгеруі – маусымаралық құбылыс» дейді.

– Саралай қарасаңыздар, жыл сайын жазда жеміс-жидек пен көкөністер көбейіп, жұмыртқаға сұраныс азайғандықтан баға арзандайды. Күз бен қыста сұраныс көбейгенде, баға өз қал-



Сурет ашық дереккөзінен

пына келеді. Әрине, бұған дейін жұмыртқа арзандау болған. 530-

570 теңгеден жұмыртқа сатып алушы едік. Үстіне тек 20 теңге қосып сатып жүрдік. Шамамен 600 теңге көлемінде сатылды. Ал, қазір қыс мезгіліне қымбаттауына байланысты жұмыртқаны 630 теңгеден алып, 650 теңгеге сатып отырмыз, – дейді Ольга Рыбакова.

Тамақтану институтының мәліметінше, орташа есеппен алғанда әр қазақстандық 3 күнде 2 дана ғана жұмыртқа жейді екен.

Мамандардың айтуынша, құс шаруашылығын субсидиялауға қатысты біріншілік болмауы да өнімнің бағасына ықпал ететін көрінеді. Сонымен қатар, құс еті мен жұмыртқа экспорттайтын компания өкілі елден шығатын өнім көлемі ішкі сұраныстың тепе-теңдігін бұзуға әсер етуде деген пікірде. Өйткені, сыртқы нарыққа шығатын өнім кедергісіз жөнелтілуде екен. Салыстыру үшін алсақ, былтыр Қазақстандағы құс шаруашылығының дайын өнімі 96,6 пайызға жеткен, ал, мұның 4,2 пайызы шекара аскан көрінеді. Қолымыздағы деректерге сүйенсек, жұмыртқаның 247 миллионы – Ауғанстанға, 212 – миллионы Ресейге жіберілген.

Балқаш қаласында жұмыртқаның қымбаттауынан тұтыну тапшылық тудыратындай деңгейге жетпеген.

– Баға қымбаттауы өңірміз бойынша байқалады. Әрине, бұның басты себебі өзіміздің өндіріс болмағандықтан басқа жерлерден тапсырыс беруге мәжбүрміз. Ал, қазіргі қымбатшылық бұл маусымдық сатылым, – дейді Балқаш қалалық ауыл шаруашылығы және кәсіпкерлік бөлімінің бас маманы Әнуар Баймбетов.

## БАЛҚАШ

жоспары бекітіліп, кестеге сәйкес ұйымдастырылуда. «Ауыл – ел бесігі» арнайы жобасы арқылы Сарышаған кентінде денешынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы 2023 жылы басталған. Құны 1 млрд. 1 млн. теңгеге жобаланған нысан биыл пайдалануға беріледі. Сонымен қатар, «Қазақстан халқына» қоры арқылы Шашубай кентінде жылдам салынатын әмбебап спорт залы құрылысы және Ақтоғай ауылындағы қолданыстағы стадионды қалпына келтіру жұмыстары жүргізілетін болады.

– Биыл білім беру саласына 6 миллиард 068,4 миллион теңге қаржы бөлінді. Мектептердің 1-4 сынып оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз етілуде. Сонымен қатар, білім ошақтарына жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде 1-6 жас аралығындағы балалардың 92,2 пайызы, яғни, 484 бала балабақшамен қамтылып отыр, – деді аудан басшысы.

Айта кетейік, аудан халқын таза ауыз сумен қамту басты назарға алынған. Ауданда 16, ауылдық округте 35 елдімекен бар. Бүгінгі күні орталықтандырылған ауыз су жүйесімен қамту көрсеткіші 91 пайызға жеткен. Сонымен қатар, Ақтоғай ауданының орталығында 2022-2023 жылдары бастау алған көріз жүйесінің құрылысы биыл жалғасын тауып, қазынадан 2 млрд. теңге қаржы бөлінген. Аталған жоба 2025 жылы пайдалануға беріледі.

## Шаһар шежіресінен сыр шертіп...



9 ЖЫЛ ҚАРАҒАНДЫҒА

Мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің қолдауымен М.Әуезов атындағы орталық қалалық кітапханада Қарағанды қаласының 90 жылдығына орай 90 кездесу жобасы аясында тарихшы-ғалым, өлкетанушы, облыстық ғылыми-техникалық құжаттама жөніндегі архив басшысы Темірғали Аршабековпен «Қазыналы құтты өлкем» атты кездесу өтті.

Жан АМАНТАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Кешке арнайы шақырылған қонақтар қатарында облыстық ғылыми-техникалық архивінің қойма менгерушісі Нұрбәтима Назмабаева, облыстық бейнелеу өнері музейі басшысының орынбасары Мейрамгүл Елубаева және Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің студенттері болды.

Туған жер мен ел тарихын жалау еткен Темірғали Тілеубекұлы өзінің еңбек жолы мен зерттеулерінен бірсыпыра сыр шертті.

Алғашқы еңбек жолын ұстаздықтан бастап, Долинка кентіндегі саяси қуғын-сүргін құрбандарын есте сақтау мұражайын басқарып, одан кейін бейнелеу өнері музейінде басшылық қызметін атқара жүріп жасаған жұмыстары туралы айтылған өлкетанушы сөзін жиналған қауым ерекше ынтамен тыңдады.

## • Өңірлерді дамыту

## Инвестиция игілігін ел көреді

Таяуда Қарқаралы аудандық әкімдігінің кеңейтілген аппарат жиынында биыл ауыл шаруашылығы саласында жүзеге асырылатын инвестициялық жобалар қаралды.

Былтыр аудан бойынша мал шаруашылығы саласында жалпы сомасы 1 миллиард теңгені құрайтын асыл тұқымды шаруашылық және бордақылау алаңын құру бойынша бес жоба жүзеге асырылған болатын. Соның ішінде Н.Нұрмақов ауылдық округіндегі «Атамұра табыс» ЖШС абердин-ангус тұқымды ірі қара малдың аналық басын 500 басқа дейін ұлғайту жобасын жүзеге асырды. Бұл жобаның құны – 345 миллион теңге. Ал, Токтар ауылындағы «Қарыңшы» шаруа қожалығы жылына 120 тонна ет даярлауға мүмкіндік беретін мал бордақылау алаңын жасады. Бұл жоба 250 миллион теңгеге түсті.

Инвестициялық жобаларды жүзеге асыру шаралары биыл да жалғасуда. Осы бағытта өңірде инвесторларды тарту және олар үшін қолайлы инвестициялық ахуал жасау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Аппарат жиынында айтылғандай, 2024-2026 жылдар аралығында ауданда осындай он жобаны іске қосу көзделген. Оның үшеуі биыл жүзеге асырылмақ.

Атап айтқанда, Балқантау ауылдық округіндегі «Берік» шаруа қожалығында жылына 50 тонна қой етіні өндіре алатын, мың бас қойға арналған бордақылау алаңы салынууда. Жалпы құны 100 миллион теңге болатын жобаның жарты қаражатын шаруа қожалығы өзі көтерсе, жартысын несиені алған. Құрылысының 80 пайызы аяқталған бордақылау алаңы төрт адамды жұмыспен қамтып отыр. Барлық жұмыстар күзге дейін аяқталып, жылдың соңы тоқсанында бұл жоба іске қосылады деп күтілуде.

Қ.Аманжолов ауылдық округі Сарыобалы елдімекеніндегі «Төлеухан» шаруа қожалығында егістік жерді суармалы алқапқа айналдыру жобасы қолға алынған. Жалпы құны 80 млн. теңге болатын жобаны шаруа қожалығы өз қаражатына жасап жатыр. Биыл 100 гектар алқапты суландыруды жоспарлап отырған шаруа қожалығы осы мақсатта барабан типті суармалы қондырғы сатып алған. Жабдық көктемде орнатылып, іске қосылады.

Ұлан Райымбековтің «Төлеу-

– Бізге дейінгі дала сырлары әлі толық ашылған жоқ. Осы уақытқа дейінгі көзім жеткені қазақ ұлтының құндылығы тарихында. Біздің елдің тарихы мол мұраға бай. Шежіре дастанын таңды таңға ұрып айтуға болады. Жалпы оның ішінде, Қарағанды шаһары кенді өлке болып танылған. Осыған сай да біршама деректер бар. Айта берсе, әрине, бұл бір күнге сияр тақырып емес, – деді Темірғали Аршабеков.

Өлке тарихын зерттеушінің тағылымды әңгімесін тыңдаған студенттер өз ойын ортаға салып, қызықтырған сұрағын қойды.

Сонымен қатар, облыстық бейнелеу өнері және облыстық тарихи-өлкетану музейінің қызметкерлері Темірғали Аршабековтің қала күніне арналған туындыларын оқырмандарға тарту етіп, тың деректерге сүйеніп ақпарат беріп өтті.

Бұлтыр аудан бойынша мал шаруашылығы саласында жалпы сомасы 1 миллиард теңгені құрайтын асыл тұқымды шаруашылық және бордақылау алаңын құру бойынша бес жоба жүзеге асырылған болатын. Соның ішінде Н.Нұрмақов ауылдық округіндегі «Атамұра табыс» ЖШС абердин-ангус тұқымды ірі қара малдың аналық басын 500 басқа дейін ұлғайту жобасын жүзеге асырды. Бұл жобаның құны – 345 миллион теңге. Ал, Токтар ауылындағы «Қарыңшы» шаруа қожалығы жылына 120 тонна ет даярлауға мүмкіндік беретін мал бордақылау алаңын жасады. Бұл жоба 250 миллион теңгеге түсті.

Инвестициялық жобаларды жүзеге асыру шаралары биыл да жалғасуда. Осы бағытта өңірде инвесторларды тарту және олар үшін қолайлы инвестициялық ахуал жасау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Аппарат жиынында айтылғандай, 2024-2026 жылдар аралығында ауданда осындай он жобаны іске қосу көзделген. Оның үшеуі биыл жүзеге асырылмақ.

Атап айтқанда, Балқантау ауылдық округіндегі «Берік» шаруа қожалығында жылына 50 тонна қой етіні өндіре алатын, мың бас қойға арналған бордақылау алаңы салынууда. Жалпы құны 100 миллион теңге болатын жобаның жарты қаражатын шаруа қожалығы өзі көтерсе, жартысын несиені алған. Құрылысының 80 пайызы аяқталған бордақылау алаңы төрт адамды жұмыспен қамтып отыр. Барлық жұмыстар күзге дейін аяқталып, жылдың соңы тоқсанында бұл жоба іске қосылады деп күтілуде.

Қ.Аманжолов ауылдық округі Сарыобалы елдімекеніндегі «Төлеухан» шаруа қожалығында егістік жерді суармалы алқапқа айналдыру жобасы қолға алынған. Жалпы құны 80 млн. теңге болатын жобаны шаруа қожалығы өз қаражатына жасап жатыр. Биыл 100 гектар алқапты суландыруды жоспарлап отырған шаруа қожалығы осы мақсатта барабан типті суармалы қондырғы сатып алған. Жабдық көктемде орнатылып, іске қосылады.

Аудан әкімі Ә.Аргынов жиын барысында әрбір ауылдық округтеті әлеуетті шаруашылықтармен келіссөз жүргізіп, халыққа тиімді ұсыныстар бойынша жұмыстар атқаруды тапсырды.

Болатбек ӘШІМҰЛЫ

Қарқаралы ауданы



Электрондық пошта:  
ortalyk.kaz@mail.ru



• ҚАНЫШ СӘТБАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 125 ЖЫЛ

# Таланттарға жол ашқан Теміртау

Сонымен, құрыш қалада, Теміртау мәдениет сарайында Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдық мерейтойына арналған айтыс мәресіне жетті. Аймақтық деңгейде өткен айтыстың атауы – «Тұғыры биік Теміртау». Облысымыздың аудан, қалаларынан, сондай-ақ, шалғайы Көкшетау мен Астана болса, маңайы Жаңаарқа, Ұлытау, Баянауылдан келіп, жеті жұпқа бөлінген 14 ақын кештің көрігін қыздырды.

Осынау дүбірлі дода, кеш әлетінде басталып, түннің бір уағына дейін созылды. Айтыс қалың жұрттың мазасын алған жоқ, алапасын асырды. Жалпы, жырға шөпдеп қалған жауыртау жұрты ақындарына бек риза шығар. Көңілінен шыққан ақынға кеудесіндегіні жұлып беретін көрермен кикулап қол соғуы соның дәлелі болса керек-ті. Ақындар мын рет айтылған мәселе, жүз рет жазылған жанайқайды қозғады. Ақындарын жас демей, жасамыс демей, сағаттап отырып тындаған айтыс болды бұл. Шайырлар сайысын белгілі ақын Айтбай Жұмағұл тізгіндеді.

– Төл өнеріміз айтысқа деген елдің сағынышы соншалық түнгі он бір жарымға дейін тапжылмай, күз болды. Осындай жыр жәрмеңкесін ұйымдастырған қала әкімі Ораз Қайсаұлына, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Айжан Қойшыбайқызына халықтың да, ақындардың да алғысы шексіз.

Енді алдағы уақытта бұл айтыс дәстүрлі түрде өтетін болады. Бұдан бөлек, алдағы жылы Бұқар жырау мен Базар жыраудың мұрасын насихаттауға арналған жыршы-жыраулар сайысы, көрнекті ақын Өмірзақ Қожамұратовтың шығармашылығына арналған мүшайра өткізу жоспарлануда. Енді Теміртаудың қазанында өлең, жыр қайнайды, – деді Айтбай Жұмағұл.

Теміртау тек өрісті, әндірісті ғана қала емес, таланттардың ауылына жол ашатын мекен екенін де айта кеткіміз келеді.



Айтыстың ақтангері, профессор Қойлыбай Асанов қазылар алқасын басқарса, Максат Аканов, Дидар Қамиев, қалалық мәслихат депутаты Нұрхан Нұрмаханов, Руза Алдашева сынды ел азаматтары әділ төрелік етті.

Қала әкімінің орынбасары Самат Зияшев айтыстың келер жылы қаламыздың 80 жылдығына орай республикалық деңгейде ұйымдастырылатынын айтты.

Қазылар алқасының шешімімен айтыстың жеңімпазы болып, ұлытаулық Сырым Нығызбаев танылды. Айтпақшы, ойлы да, сойлы сол Сырым қаладағы жалғыз қазақ газетін ашқан Нұрлыхан Қалқаманұлының еңбегін елеп өткенді.

I орынды Жанарыс Тілеубек, II орынды Әлихан Ергалиев мен Әлихан Нығметолла, III орынды Самат Духман, Байсүгір Нұрмұхаммед, Төкенов Нұрлыбек иеленді. Бұдан бөлек, айтысқа қатысқан барлық ақынға 100 мың теңге көлемінде ынтылан-дыру сыйлықтары берілді.

Әділет ШОПЕН  
Сурет автордікі  
ТЕМІРТАУ

• «АБАЙ-АҚИҚАТ» ГАЗЕТІНЕ – 50 ЖЫЛ

# Қатар келген қос қуаныш

Абай ауданының «Абай-ақиқат» газетінің 50 жылдық мерейтойы Ұлттық басылым күнімен қатар келіп, 2 ақпанда аудандық Мәдениет үйінде салтанатты түрде аталып өтіп, газеттің қалың оқырмандарының басын қосты.



Ержан ИМАШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Осыдан жарты ғасыр бұрын сол кездегі Миучин аудандық партия комитеті мен халық депутаттары аудандық атқару комитетінің ресми баспасөз органы болған басылым «За коммунистический труд!» деген атаумен жарыққа шығып, 2001 жылдан бастап осы күнгі атына ие болған еді. Бұл жылдар ішінде оның бас редакторы болып 15 адам еңбек етсе, соның ішінде осы жолдардың авторы да бар. Газет 2021 жылы жеке меншікке өтіп, қазір

оның құрылтайшы-директоры «Орталық Қазақстан» газетінен түлеп ұшқан журналист Құрманғазы Өтебай болып отыр. Ол аптасына 8 беттен жарыққа шығып, биыл аудан көлемінде 2 мың данамен тарауда.

Мерейтой салтанатын Абай ауданы әкімінің орынбасары Айдос Асқаров құттықтау сөзбен ашып, газет редакциясы ұжымына аудан әкімінің Құрмет грамотасы мен арнайы сый-сияпатын табыс етті. Бұдан кейін ол басылым ардагерлері мен қаламгерлерін аудан әкімінің Құрмет грамотасы және Алғыс хаттарымен марапаттады.

Келесі кезекте редакция ұжымын мерейтойымен құттықтаушылар сөз алып, Қазақстан Журналистер одағы облыстық филиалының директоры Жәнібек Садықанов, «Сауатқа Ақпарат» медиахолдингі директорының кеңесшісі Айсұлтан Жақып, ардагер журналист Ермек Балташұлы, алғаш еңбек жолын осында бастаған астаналық журналист Зәуреш Балкенова, Асылбек Тойбек, Балқаш қалалық және Қарағанды аймақтық газеттерінің бас редакторлары Қуаныш Аманқұлов пен Әдебиет Жұманов және тағы басқа қоғамдастырған құттықтап, өз сыйлығын ұсынды.

Бұдан әрі сахна төріне газет құрылтайшысы, әрі директоры Құрманғазы Өтебай көтеріліп, мерейтой қарсаңында үш аталым бойынша газет редакциясы жарияланған байқаудың жеңімпаздарына ақшалай сыйлық пен диплом тапсырды. Жүлде қоры 350 мың теңге болып бекітілген бұл байқауға 80 оқушы қатысып, олардың үздік деп танылған эсселері мен өлеңдері, салған суреттері «Ұлттық мұра» айдарымен газеттің сол күнгі санында жарияланып, зал толы көрерменге таратылған еді.

«Абай-ақиқаттың» айтулы мерекесінің ажарын аудандық орталықтандырылған кітапхана ұжымы ұйымдастырған көрме аша түсіп, сәнін жергілікті өнерпаздар келтіріп, ән мен күйден шашу шашты.

Абай ауданы  
Суреттер автордікі

• КЕҢЕС ӘСКЕРЛЕРІНІҢ АУҒАН ЖЕРІНЕН ШЫҒАРЫЛҒАНЫНА – 35 ЖЫЛ

# «Жұмбақ соғыс» жауынгерлері ардақталды

Қарағанды қаласы, Әлихан Бөкейхан ауданындағы №95 гимназияда бір кездері осында білім алған, Ауған соғысында қаза тапқан жауынгерлерге ескерткіш тақта орнатылды. Ескерткіш тақта КСРО маршалы Сергей Бирюзов атындағы мектептің жауынгерлік даңқ мұражайында орналасқан.

Естелік белгінің ашылу салтанатына Ауған соғысының ардагерлері мен ауған жерінде қаза тапқан ержүрек жауынгерлердің туыстары, ұстаздар қауымы, мектеп мұражайының қызметкерлері мен жоғары сынып оқушылары қатысты. Еңселі білім ордасы үшін бұл есте қаларлық оқиғаның маңызы зор.

– 15 ақпанда Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылғанына 35 жыл толады. Жауынгерлер өмір мен өлімнің арасында, үйден, жақындарынан алыс-

басқа да қонақтарды балалар дәлізде тік тұрып, қарсы алды. Мұражайға жиналып, алдымен ержүрек ерлерді бір минут үнсіздікпен еске алып, ескерткіш тақтаны ашып, гүл шоқтарын қойды.

Кейін мәжіліс залында қонақтар мен жоғары сынып оқушыларының кездесуі және шағын концерт өтті. Ардагерлер басынан кешкен оқиғаларымен бөлісті. Балалардың қойған сауалына жауап берді. Сонымен қатар, қонақтар мұражайға Ауған соғысы ардагерлері туралы мақа-



та әскери антқа, әскери және адами борышқа адал болды. Ауғанстанда 15 мыңнан астам Кеңес сарбаздары қаза тапты. Олардың арасында біздің мектептің түлектері де бар. Атап айтсақ, мектебіміз орналасқан шағын ауданда тұратын Федор Галич, Александр Черпурин және Валерий Мамай. Біз қаза тапқан сарбаздарды есімізде мәңгі сақтаймыз және құрметтейміз. Олардың құрметіне мұражайда фотосуреттері мен құнды құжаттары қойылып, есімдері ескерткіш тақтаға жазылды, – деді №95 гимназия директоры Александр Маленко.

Аталған ескерткіш тақтаның жобасы мектепте жасалып, кейіннен Ауған соғысы ардагерлері ұйымымен келісілген. Балалар осы мектепте оқыған, мектеп парталарында отырған, Ауған соғысында қаза тапқан сарбаздар туралы естеліктерді саналарына тоқып, сондай батыр ағаларымен мақтанатынын жеткізді.

– Өкінішке орай, қаза тапқан сарбаздардың туыстарының көбі бұл өмірде жоқ. Ал, кейбірі шетелде тұрады, – деп бөлісті гимназия директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Елена Самченко.

Ескерткіш тақтаның ашылуына келген «жұмбақ соғыстың» 14 ардагері мен

лар жарияланған газет-журналдарды, каска, сарбаз дипломатын, гитарасын және басқа да жеке заттарды табыс етті.

– Сондай-ақ, Әлихан Бөкейхан ауданынан Ауған соғысына шақырылғандардың суреті мен жауынгерлік жолының тарихы да мұражайға жиналған. Мұражай қоры әлі толықтырылуда және мұндағы басты міндет – мүмкіндігінше балалар тарихымызды, оның ішінде, Ауған соғысы туралы көбірек білуі және оларды ұмытпауы, – деп атап өтті Елена Самченко.

Тағы бір айта кетерлеті, енді №95 гимназиясы кеншілер шаһарының мерейтойына орай дайындықты бастайды. Мектепті безендіріп, түрлі форматтағы шаралар өткізбек.

– Мектебімізде осындай ескерткіш тақтаның орнатылуы үлкен тарихи оқиға болды. Біз бұрын ауған соғысы туралы аса көп мәлімет білмейтінбіз. Мұражайға қойылған ескерткіш тақтандан ауған соғысында ерлікпен қаза тапқан батыр ағаларымыздың есімін оқып, қатты толқидық. Олар осы мектепте білім алған екен. Енді біз мектеп мұражайына табысталған жауынгерлердің бұйымдары арқылы көп нәрсе біле аламыз. Бізге осындай мүмкіндік жасап жатқан мектеп басшылығына алғысымыз шексіз, – дейді мектеп оқушылары.

Өз тілшімізден

• БІР ТУЫНДЫНЫҢ ТАРИХЫ

«Қарағанды лагері – қара таңба, Жиырмасыншы ғасырдың жүрегінде...» (Ғалым Жайлыбай). ҚарЛагта өз ғасырының, ұлтының небір генийлері, озаттары, дарындары азап шеккен. Сталиндік жүйе адамзатқа сәуле таратып, бостандыққа жол бастай алатындарды осында тоғытты. Дәлелсіз соттады, атты. Әсіресе, мұнда әлемге танылған қылқалам шеберлері көп болды. Газетіміздің алдында сандарында солар жайлы жазған едік. Солардың қатарында Алла Васильева есімді суретші де бар. Талантты болғаны үшін қарауылға іліккен бейбақтың бірі. Біз айтып отырған суретшілердің туындылары облыстық бейнелеу өнері музейінде сақталған.

Ерік НАРЫН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Алла Васильева – 1902 жылы Улан-Үдэ қаласында ұстаздар отбасында дүниесігін ашқан. Бала кезінен білімге, шығармашылыққа бейім болыпты. Бойжеткен шағынан-ақ өнерімен таныла бастады.

Жоғары мемлекеттік өнер-техникалық институтын бітірген. Портрет, дизайн өнерімен айналысқан.

1938 жылы НКВД-нің қаулысымен 5 жылға сотталған. Әуелі Алжирге жіберілген. Содан кейін Долинка кентіндегі ҚарЛагқа ауыстырылыпты. Дәл сол жылы аяулы жары ату жазасына кесілген және

# Акварельдегі мұң



үкім кешікпей орындалған. Алла Васильева қамауда отырса да, шығармашылықтан қол үзбеген екен. Назарларыңызға ұсынылған «Қаршадай қыздың портреті» сол кезеңде салынды.

– «Қаршадай қыздың портреті» акварельді бояулармен салынған. Кескіндеме ҚарЛагта салынғаны туралы автордың өзі жазған. Яғни, қолтаңбасы бар. Туындыға үңілсеңіз, нағыз қылқалам шеберінің қолтаңбасын аңдауға болады. Акварельді бояуды еркін меңгерген. Адамның көзі мен бет әлпетіндегі маңызды детальдарды сәтті салған. Портреттегі қыздың кім екені бізге белгісіз. Аты-жөні де білмейміз. Лагерьде туған бала болуы да әбден

ықтимал. Кескіндемеде жылағаны көрініп тұр. Көзінде мұң. Өлдененен шошығанға да ұқсайды, – деді облыстық бейнелеу өнері музейінің ғылыми қызметкері Айгүл Омарова.

Заманның маңдайына сыймай кеткен дарынды суретшінің қолжазбасы галамторға жарияланды. Сонда Алла Васильева өз ғұмырына сипаттама берген. «Менің өмірім үш кезеңге бөлінеді. Біріншісі – менің балалық шағым, оқуға түсіп, өнерді қуаным. Екіншісі – ең ауыры. Мәскеуден жер аударылып, лагерьге қамалған кезең. Үшіншісі – ғұмырдың мұңлы нүктесі. Бостандыққа шыққан соң рухтас, сырлас дос таппай қамықтым. Күйбең тіршілік пен қауатқан көрілік» депті.

**ORTALYQ QAZAQSTAN**  
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
**МЕНШІК ИЕСІ:** «Сауатқа Ақпарат» ЖШС

Директор –  
**Қайрат Жүнісұлы**  
**ӘБІЛДА**  
Директордың орынбасары –  
**Оксана Вячеславовна**  
**МЯГКИХ**

Бас редактор –  
**Е.К. МУСАБЕК**  
Бас редактордың орынбасары –  
**Қ.А. АЙТЖАН**  
Сайт редакторы –  
**І.Д. МҰҚАЙ**  
Жауапты хатшы –  
**Ж.Қ. ШАЛҚАР**

**Телефондар:**  
Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

**Меншікті тілшілер:**  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Прозаскерс: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра, Осақаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шақтин, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген (R)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінде Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № KZ18VP00030163 куәлігі берілді.  
Газет сөйсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
**Мекенжайымыз:** 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №93 үй.

**Электрондық пошта:** ortalay.kz@gmail.com; ortalay.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalay.kz.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJKBZXX БИН 000840001412

Таралымы 5 457

№ 15 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Кәлемі 2 баспа табақ.

**Бағасы келісім бойынша**  
«Типография Арқо» ЖШС баспаханасында басылды.  
**Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.**  
**Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.**  
Кезекші редактор **Алуаның СОВЕТ**